

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті**

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы
Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институты**

**1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС:
ТАРИХИ МАҢЫЗЫ,
ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ӨНЕРІНДЕГІ ОРНЫ,
ҚҰЖАТТЫҚ ДЕРЕКНАМАСЫ**

**Алматы
2016**

ӘОЖ 94(574)(063)

М 90

Жинақты басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакциялық алқа:

Ақыш Н.Б., Алпысбаева Қ.Б., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т.К.,
Әлібекұлы А., Әуесбаева П., Елеукенов Ш.Р., Ерғалиева Р.Ә.,
Күзембаева С.Ә., Қалижанов У.Қ., Қирабаев С.С., Қорабай С., Қосан С.,
Мұқан А.О., Пірәлиева Г.Ж., Рақыш Ж., Шалғынбай Ж., Исмақова А.С.

Жауапты редакторы: филология ғылымдарының кандидаты
Тоқтар Әлбеков

Жинақты құрастырғандар: филология ғылымдарының кандидаты
Пакизат Әуесбаева, Насихат Мүрсәлімова (жауапты шығарушы)

М 90 «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи маңызы, халық әдебиеті мен өнеріндегі орны, құжаттық дерекнамасы» атты Халық. ғыл.-теор. конф. мат. / Құраст.: П.Әуесбаева, Н.Мүрсәлімова. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2016. – 256 б.

ISBN 978-601-7414-69-6

Жинаққа 2016 жылдың 23 маусымында өткен «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи маңызы, халық әдебиетіндегі орны, құжаттық дерекнамасы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары топтастырылды.

Кітап жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, докторанттары (PhD) мен магистранттарына және жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574)(063)

ISBN 978-601-7414-69-6

© ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БЕКБОЛАТ БЕЙНЕСІ

1916 жылдың 25 маусымдағы армияның қара жұмысына шақыру жөніндегі патша жарлығынан кейін көтерілістің оты тұтанады. Верный уезі, Жайылмыс қазақтарының көтеріліс басшысы Бекболат Әшекейұлының көркем әдебиеттегі бейнесі тарихи шындықтан алшақтамайды. Жетпіс үш жастағы Бекболат қажы (1912 жылы тамызда қажылық парызын өтеп қайтқан) ел тізгінін қолына алады, кейін көтеріліс жеңіліс тапқан соң бар кінәны өз мойнына алады.

Қарапайым елді ықтырып алу ниетіндегі патша үкіметінің әскери шенділері көтеріліс қаһармандарын басып-жаншу әрекеттерімен айналысты, Боралдайдың басына күшпен жинаған ел-жұрттың алдында дарға асты. Әсіресе дар түбінде төрелерге қасқайып жауап берген Бекболат батырдың ерлігі аңыз боп ауыздан-ауызға тарады, көтерілісті өз көзімен көріп, белсене қатысқан халық ақындары Жамбыл Жабайұлының «Зілді бұйрық», Кенен Әзірбаевтің «16 жылғы аттаныс» өлеңіне, Саяділ Керімбековтің «Бес мылтық» поэмасына, бірнеше ақын-жыршылардың өлең-жырларына арқау болды, әсіресе Иса Дәукебаевтың «Бекболат» поэмасының орны ерекше. Көтерілістің үгітші ақыны, Бекболаттың үзенгілес жолдасы болған, бас көтеру қимылдарына араласқан авторлық ауыз әдебиеті өкілдері болған оқиға негізінде жырға қосқан. Тарихи оқиғаның жылнамасы сияқты жырланған, мұны поэмадағы тақырыпшалардың атауынан да айқын аңғаруға болады.

Б.Кенжебаев пен К.Шаменов: «Иса Дәукебаевтің «Бекболат» дастаны – 1916 жылғы көтеріліс туралы жырлардың, дастандардың ішіндегі ең маңыздысы және идеялық мазмұны жағынан ең құндысы» деп шығарма авторының ақындық қарымы қуатты екенін айтады [1, 23].

«Бекболат» поэмасы 1936 жылы «1916 жыл» атты жинақта тұңғыш рет жарияланған, содан бері қарай түрлі жинақтарда басылып келеді. Поэма 1926, 1927 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы тарапынан жиналған, жазушы Илияс Жансүгіров архивінен келіп түскен фольклорлық материалдар арасында сақталған.

Түпнұсқадағы әр тараудан өлең жолдары қысқартылып, «Төрелердің Жайылмыстан орақшы алуға келгенде айтқан сөздері», «Жайылмыстың жауабы», «Ораққа кеткен ылаушылардың зары», «Жайылмыстың түрмедегілермен жолығуы», «Зәкірдің зұлымдығы», «Атылған он жеті

орақшының әйелдерінің жоқтауы», «Жайылмыстың халі», «Еспенбет пен Қасымның Бойдаш елін қыруы», «Жайылмыстың сұрағы» деген тараулар кіргізілмей, барлығы жеті жүзден астам өлең жолы қысқарып қалған [2]. Демек бұдан поэманың барлық басылуларында көп қысқартуға ұшырағаны көрінеді.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналған әңгімелер, өлеңдер мен дастандар жинағында Иса Дәркембайұлының «Дар алдындағы сөз» деген тақырыппен дастаннан үзінді жарық көрді [3, 116-126]. «Бекболаттың жауабы», «Би, Қожалардың жауабы», «Бекболаттан екінші жауап алу», «Бекболаттың жауабы», «Соттың үкімі», «Бекболат дарға бара жатқанда», «Дар түбінде төрелердің Бекболатқа айтқаны», «Бекболаттың жауабы», «Бекболаттың ақырғы сөзі» деген тақырыпшалардан тұрады. Жинақтағы мәтінді ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған қолжазбамен текстологиялық салыстыру жұмыстары жүргізілді [4, 225-255], соның нәтижесінде біршама мәтіндік өзгерістердің орын алғаны байқалды:

Жинақта

Жайылмыстан еркек жоқ мінген атқа,
Қой адасып, маңырап жүр *әр жақта*.
«Хан *не деп жауап береді?*» – деп, төрелер де
Келсін деп бұйрық қылды Бекболатқа.

– Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды *жар* астына тықпақ болдым.
Рас десең, рас сөз мен айтайын,
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Ту тіктім ел-жұртымды жиып алып,
Жауға қарсы атандым ойран салып.
Айтқанынан қайтқанша, өлген артық,
Ер болам ба сертімнен кетсем танып.

Жалынып, жаным сұрап, жыламаймын,
Айтқанын *падишағның* қыла алмаймын.
Пәленше жолдасым деп *айтып беріп,*
Кіріптар оны саған қыла алмаймын.

Өзің біл – өлтіресің, соясың ба?
Қаныма *өңкей жауыз* тоясың ба?
Етімді қазанға сап қуырып жеп,
Басымды падишаңа қоясың ба?

Мен елге жарлық қылдым, жиыл дедім,
Көпшілік өз күшіңе сиын дедім.
Әділдіктен тайып тұрып «ақ падиша»,
Рабсила сұрауы қиын дедім.

Қолжазба қорындағы нұсқа

Жайылмыстан еркек жоқ мінген атқа,
Қой адасып, маңырап жүр *әрбір жақта*.
«Хан не жауап қылады» – деп, төрелер де
Шақыр деп бұйрық қылды Бекболатқа.

– Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды *жер* астына тықпақ болдым.
Рас десең, рас сөз мен айтайын,
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Ту тіктім ел-жұртымды жиып алып,
Жауға қарсы аттандым ойран салып.
Қылған істен қайтатын қатын бар ма,
Ата-бабам қылған іс қылдым анық.

Жалынып, жаным сұрап, жыламаймын,
Сен кәпірдің айтқанын қыла алмаймын.
Пәленше жолдасым деп *бекер айтып,*
Күнәһар өмірімде бола алмаймын.

Өзің біл – өлтіресің, соясың ба?
Қаныма *қанішерлер* тоясың ба?
Етімді қазанға сап қуырып жеп,
... падишаңа қоясың ба?

Мен елге жарлық қылдым, жиыл дедім,
Жаратқан Құдайыңа сиын дедім.

Әділдіктен тайып тұр «ақ падиша»,
Рабошы сұрауы *оның* қиын дедім.

«Би, Қожалардың жауабы» деген тараушада Жайылмысты түгел сұрап, жасы сексенге келген Нәдірбек пен Кенбай қажыны жауапқа алады. Олар бар кінәні Бекболатқа жабады, орыс ұлығының алдында жалтақтық көрсетеді. Бесінші сентәбірде «Бетінен нұры шығып, балқып отыр, Өлімнің бәрібір деп ерте, кешін» деп санайтын Бекболатты дарға апара жатқанда «елден адам бар болса, сәлем айтсам жұртыма» деп жан-жағына қарап келе жатып, көп ішінен ауылдасы Мұстапаны көріп қалып, баласы Әбділлаға сәлем айтып үлгереді.

Дар түбіндегі Бекболаттың ақырғы сөзі көп Дулатқа, ағайын бірге туған Шапырашты, Албан мен Суан еліне, Орта жүздің баласына, Кіші жүз, Орынбор қаласына, қырғыз халқына арналады. Бұрын дарды көрмеген Жетісу жұртын Бекболаттың өлімі ашындырды, кек алу қажеттігін көрсетті. Қанша қинау көрсе де, көтерілісті өзі ғана ұйымдастырдым деген сөзден танбай, айтқанынан қайтпай, ешбір кісіні сатпай, өлімді қасқайып жалғыз қарсы алған Бекболат туралы аңыз ел есінде мәңгі қалды.

Белгілі әдебиеттанушы, сыншы, филология ғылымдарының кандидаты Зейнолла Серікқалиев: «Үйен жарлығы жаңғырығымен оянған кек, көтерілген жыр қайраты, қыршын жастарды қырғызғанша «ноқталы басқа бір өлім» деп қылышқа туралған, қызыл қанға боялған өрлік, ерлік жолы ұрпақ тәрбиесіне қай кезде де қалтқысыз қызмет ете беруге тиіс. «Бұқарасын талаған хан құриды деуші еді, береке жерден кеткенде дән құриды деуші еді» деп келетін түйдек-түйдек шешендік, қанатты қайырымдар, әйелдердің көз жасымен жеткен қарғыс, би-қожалар майысып мәймөңкеге басқанда, жолдастарына шаң жуытпай, Бекболаттың әсіресе дар алдындағы сөздері – өздерінің басын жар астына тығып, ақ патшаның тұқымын құрту түпкі мақсаты болғандығын қасқая тұрып қаймықпай айтар турашылдығы талай ғибраттарды алға тартып жатыр» [5, 5-6] деп поэма тілінің көркемдік ерекшелігін жоғары бағалайды.

Жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың (1846-1945) «Зілді бұйрық» өлеңінде көтеріліс басшысы Бекболаттың ерлігі, елге қорған болуға жарайтын қайраткерлігі жоғары бағаланады:

«Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жүр: біз енді қайтеміз деп.
Губернатор, жанарал жауапқа алды:
Жайлауда ту көтеріп, шапқан кім деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
Өзі айтқан жанаралдың «Бекболат» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды: «дарыға асып, тарт!» деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
Байбосын қоса кетті арасында.
Абақтыда қалғанда естен танды,
Көзінің қамшы тиіп қарасына» [3, 117-119; 6, 65-67].

Халық ақыны, сагер, әнші Кенен Әзірбаев (1884-1976) «16 жылғы аттаныс» атты 26 жол өлеңінде дүрбелең жылдың оқиғасын былайша суреттейді:

«Естідік Алматыда Сәтті алды деп,
Қошбамбет, Асқар, Дәукес қатталды деп,
Бекболат қалың қолмен ту көтеріп
Қаскелең, Шамалғанға аттанды деп.

Күртелі, Бөрібай елі қаптап келіп,
Самсының бекетіне өрт салды деп.
Сатай мен Нақыш бастап Шапырашты
«Қарасай», Ұзынағашқа от қойды деп.

Ыстыдан үш жүз қолмен Максұт палуан
Әлиге бәрі басты қосқаны кеп.
Ырғайты, Қордай елі бес мың қолмен
Қалыңкөл қонысына шапқаны кеп,

Қаптаған құмырсқадай қалың елге.
Солдаттар оқ жаудырып атқаны кеп.
Шоқпардан басқа қолда еш жабдық жоқ,
Быт-шыт боп кейін қарай қашқаны кеп».

Бес сарбаз жаяу айдап Әліш кетті,
Бекболат Әшекейұлы о да өтті.
Бытырап қалың халық тау мен тасқа
Бұлтарған біреулері Қытай кетті.
Басында Боралдайдың дарға асып,
Сол жерде Бекболатқа қаза жетті [7, 34-35].

Халық ақыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Саяділ Керімбековтің (1865-1954) «Бес мылтық» поэмасында Бекболат батырдың көркем бейнесі сомдалған. Поэмада Екей деген кедей жігіт қолына қару алып, Жетісудағы әйгілі Бекболат батырды іздейді. Бұл жолда Екей болыс, билермен айқасып қалады.

... Ежелден болыс, биге кекті Екей,

Түнеріп үйден шығып кетті Екей, – деген Екей Бекболат сарбаздарының бірі болып, патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы күрес жүргізеді, дұшпанға тойтарыс берген ерлердің ішінде болады. Жолда кездескен бес солдаттан бес мылтық олжалап, Бекболаттың қолына әкеп табыстайды. Бұл жағдайдан кейін Бекболат Екейді қырғыз еліне сарбаз жинауға жібереді. Екей содан оралып қайтқанша Бекболатты патша жендеттері тұтқынға алады. Екей ақыры ұсталып, Пішпек түрмесіне отырғызылады. Түрмеде жатқан баласына анасы барып, Екейдің Мәлік атты ұлы ер жетіп сарбаз қатарына қосылғанын айтып қуантады. Екей түрмеден қашып шығады, жолда Тезекбай деген жолдасы қарсы алып, оған қару-жарақ береді. Бірақ айдалада жергілікті би-болыстардың қарулы көп қолына кездесіп, айқас үстінде Екей де, Тезекбай да қаза табады. Поэманың соңында Екей секілді ержүрек жігіттердің ерліктері, Ұлы Октябрь революциясы арқасында бақыт таңы атқаны баяндалады [8, 60-92].

Қолжазбалық мәтін жинақта жарияланғанда редакциялық өзгеріске ұшыраған:

Қолжазбада:

Мен болыс, біле-білсең, *сен бұқара*
Мұқалтып зәлім болыс елден *шыңын*
Отанды, *Сталинді* қорғау үшін

Жинақта

Мен болыс, біле-білсең, *жүзі қара*
Жыйнатып зұлым болыс елден *шығын*
Отанды *жаны сүйген* қорғау үшін»

Саяділ Керімбеков «Бес мылтық» поэмасын 1940 жылы жырлаған, сондықтан Отан мен кеңес өкіметінің сол тұстағы көсемі Сталин арасында теңдік белгісі қойылып, екеуі егіз ұғымдай қабылданған.

Халық ақыны Әбдіғали Сариев (1900-1964) «Алатау майданы» поэмасында Бекболаттың Жетісу көтерілісінде басшы болғанын айтады, кейін жырланғандықтан Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді де суреттейді [9].

Қолжазба қорында Омаржан Молдахановтың «Бекболат» поэмасы «Алматы облысы, июнь жарлығы» деген тақырыпшамен берілген. Мазмұны көп жерінде Иса Дәукебаевтың дастанын қайталайды [10].

Сондай-ақ Қабылбек Сауранбаевтың «Ұзақ батыр немесе Бекболат Әшекеевтің үндеу хаты арқылы Албан, қырғыздың қатысуымен болған көтеріліс» деп аталған жырында Бекболат Әшекеевтің үндеу хаты көршілес қазақ-қырғызды түгел көтерілуге шақырғаны айтылады. Албанның ішінде Алжан руынан Бекбасының немересі Тайлақ деген жігіт Алматыдан Көкшенеп (Кокченев) байда малай болып жүріп, он бес жыл Сібірге айдалып, сонан қайтып келе жатып, Дулатта Бекболатқа жолығады, ол хат жазып, астына ат, үстіне киім береді. Қарқараға халық жиналып жатқан кезде оқтай жараған атқа мінген Тайлақ Саурықұлы Ұзаққа Бекболаттың хатын ұсынады. Арғынұлы Сыбанқұл хатты оқып береді:

«Уәл бари үлкен-кіші бауырларға сәлем!

Суан, Дулат інісі, Албан аға,
Тарайды Ұлы жүзден қанша бала.
Үш жүздің баласынан кеңес алмай,
Жарлық тығыз ұлықтан амал бар ма?
Теңлікті өзге ұлттармен бірдей ет деп,
Біргуар ұсыныңдар падишаға.
Жерге ерікті права бірдей болсын,
Қамамай халқымызды тау мен тасқа.
Мектеп ашып оқысын бала-шаға,
Права тең келеді сонда ғана.
Болмаса жайылған мал қолында жүр,
Қанша алса қарсылық жоқ падишаға! –

деп хат жазған бауырың Бекболат Әшекейұлы. Тілек бермеген күнде қарулы күреске шақырамын! 1916 жыл июньнің 29-да Жерқоңырда» [11, 120]. Бекболат Ұлы жүз рулары мен ағайын қырғыз халқына хат жолдап адам жібереді, көтеріліске бірге шығуға үндейді. Бекболаттың көтеріліс басшысы ретінде беделін мына өлең жолдарынан көруге болады:

«Көтерілісі Албанның
Ұлу жылғы жазында,
Боз бие шалып сертгескен,
Қарқараның сазында.
Бастаған Ұзақ ұсталып,
Халық кірді тозуға.

Басшылардың жоқтығы,
Ыдырап халық бірлеспей.
Жасаған серті бос қалды,
Қарсыласып, тіреспей.
Бас иенің жоқтығы –
Дулатқа қалды тілдеспей.
Бекболатпен кеңесе,
Бір ақылын айтар еді,
Бүлінбей қашып, ел көшпей.

Қайран халық тозған-ай,
Не болса да тіресіп
Отырмады қозғалмай.
Басшылар кетті ұсталып,
Қалғанның бәрі өз қамы-ай». [11, 144].

Жазушы М.Әуезовтің «Қилы заман» повесіне Қарқара немесе албан көтерілісі оқиғалары арқау болған, ал оның «Ол күнгі Алматы» атты әңгімесінде Жетісу жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың зардаптары баяндалған, бұл жөнінде әдебиет зерттеушісі Рафат Әбдіғұлов: «Қарқара – Албан көтерілісінің көп зерттелуіне М.Әуезовтің «Қилы заман» повесінің шешуші ықпалы болғаны анық. Бекболат Әшекеев бастаған көтерілістің кеңінен танымал болуына кезінде мектеп бағдарламасына кірген, неше рет жарияланған «Бекболат» поэмасының әсері көп болды. Бірақ бұл көтеріліс те «Қилы заманда» суреттелген Қарқара – Албан көтерілісіндей детальді түрде терең, жан-жақты, монографиялық деңгейде зерттеле қойған жоқ» дейді [12, 278]. М.Әуезовтің «Ол күнгі Алматы» әңгімесінің желісі бойынша майдандағы қара жұмысқа алу туралы жарлық бойынша диірмен жұмысшысы Балташ соғыстың қара жұмысына алынбауы керек, өзін тізімге қосып қойған парақор болысты базарда тауып алып жүзбе-жүз кездескен соң, Балташты да базардағы көппен бірге Боралдайға айдап апарды. Бекболатты дарға асу сәтін өз көзімен көріп, кейіпкердің тұла бойын ашулы кек кернейді. Аяқ-қолы байлаулы Бекболат дар алдында: «Қайран ел, қош» дейді даусы саңқ етіп, осы жағдай дастанда да көркемдікпен көрініс тапқан.

Жетісу жеріндегі ұлт-азаттық көтеріліс зардабы жөніндегі біржақты мәліметтер мерзімді басылым беттерінде жарық көрген, соның бірі «Қазақ» газетінің 1916 жылғы №200 санында «Дарға асылған хан» деген атпен хабар басылды, онда «9 сентябрьде Алматыда уойенни суд құкімі

бойынша еліртіп, басшылық қылған һәм өзін «ханмын» деп жүрген Бекболат Әшекей баласы дарға асылды» делінген.

Көтеріліске қатысқандарды патша өкіметі тарапынан жазалау іс-қимылдары жөнінде академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейіс мынадай мәлімет келтіреді: «Генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот үкімдерімен Түркістан өлкесінде өлім жазасына – 347 адам, каторгалық жұмыстарға – 168, түрмеде тұтқындауға – 129 адам кесілді. Өлім жазасына кесілгендер қатарында Верный (Алматы) уезіндегі көтеріліс басшысы Бекболат Әшекеев және оның үзеңгілес серіктері Аманжолов, Бекбатыров, Сатыханов, Нұрбаев, Аманбаев, Екейбаев, т.б. Жаркент уезіндегі көтеріліс жетекшілері Ұзақ Саурықов, Серікбай Қанаев, Қазбек Шорманов, Кәрбоз Қаңатаров, Біләл Разақов, Әбдіқалық Байсүгіров, Құсайын Ниязбеков, т.б. болды. Қарқара көтерілісінің басшысы жетпістен асқан ақсақал Жәмеңке Мәмбетовты патша жендеттері Ыстықкөл жағалауындағы Қарақол қаласындағы түрмеде у беріп өлтірді» [13, 18]. Осыдан Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншыған патшалық үкіметтің ызғары аңғарылады.

Қазақ әдебиеті тарихында шығарма авторының кім екені жөніндегі мәлімет нақты емес, кейбір деректер бойынша ұлт-азаттық көтерілістің куәгері болған ақын Иса Дәукебаев деген жасырын атты (псевдоним) қолданған деген пікір кездеседі. Ақындар шығармашылығын зерттеген профессор Есмағамбет Ысмайылов Иса Дәукебаевтың өмірі жөнінде деректің жоқтығын айта келіп, қолжазбаның соңында автор өзі туралы «Жазушы тәжірибелі қартайған шал» деген мәлімет айтатынын көрсеткен: «Поэманың өн бойына үңіле қарағанда, ақынның сауатты, саяси қоғамдық көзқарасы айқын екендігі байқалады. Оның бер жағында Жамбыл айналасындағы бірқатар қариялар мен ақындар Исаның өзін көргеніміз жоқ, бірақ сыртынан атына таныс едік, сол көтеріліс ойран болып, ел қоныстан ауып босқынға ұшыраған кезеңдерде өлсе керек дейді» [14, 18]. Жетісу ұлт-азаттық көтерілісінен кейін қарулы қақтығысқа қатысушыларды қырып-жою, жазалау әрекеттерінен қашқан ел Қытай асып үдере көше бастаған кезеңді, сол тұстағы елдің зары мен ата қоныс жерін сағынып шығарған өлең-жырлар мен ақын-жыршыларды түбегейлі зерттеу қажет.

1916 жылғы поэзияны кандидаттық диссертациялық жұмыс көлемінде зерттеген М.Жармұхамедұлының «Жұлдыз» журналының 1961 жылы № 9 санында «Бекболат» дастанының авторы кім?» деген

мақаласы жарық көрген соң, «Жұлдыз» журналының 1966 жылы № 7 санында журналист Рахмалы Байжарасов Алматы өңірінде Иса Дәукебайұлы деген ақынның болмағанын, халық ақыны Кенен Әзірбаев та ондай ақынды естімегенін айтады. Р.Байжарасов латын әрпімен машинкамен басылған поэманың қолжазбасын жинап қорға өткізген Жүніс деген адам шығарманың авторы болуы мүмкін деген пікірге тоқтайды, себебі сол өңірдегі Әбжан Байсалбаев деген қарт ұстаз да Сары Жүніс Сүлейменовтің Бекболатпен бірге тұтқындалып, түрмеде бірге отырғанын жеткізген [15, 547].

Орталық ғылыми кітапханада сақталған қолжазбалардың ішінде Жүніс Сүлейменовтің жазып берген «1916 жылғы қазақ, қырғыз жайынан мағлұмат. Әр түрлі жыр, толғау, өлең» деген тақырыптағы 32 беттен тұратын араб әрпіндегі қолжазбасын 1921 жылы фольклортанушы Әбубәкір Диваев жинаған. Қолжазба 1921 жылғы Жетісу фольклорлық-этнографиялық экспедиция кезінде жиналса керек [16]. Поэманың авторын анықтау үшін осы қолжазбадағы материалды «Бекболат» поэмасымен мәтіндік-стильдік тұрғыда терең зерттеу күн тәртібіне қойылуы керек.

Соңғы кезде поэма авторы Үмбетәлі Кәрібаев деген пікірлер де айтылып жүр. Ақын Надежда Лушникованың айтуы бойынша, сегіз қыздың ортасында жалғыз болған Үмбетәлі ақынды Дәукең деп атаған, Иса Байзақовпен дос болған Үмбетәлінің Иса Дәукебаев деген псевдонимді таңдауын осылай болжайды [17]. Философ ғалым Лесхан Асқаров та Үмбетәлі ақынды поэма авторы деп санайды [18].

Біздіңше, дастанды шығарған анық Үмбетәлі Кәрібаев болса, оның көзі тірісінде авторлығын дәлелдеу мүмкіндігі болды, себебі ол 30-жылдардағы репрессия дүрбелені де, 53-жылғы жеке басқа табыну зардаптары да басылған 1969 жылы қайтыс болған. Профессор Есмағамбет Ысмайылов пен үзеңгілес ақын Кенен Әзірбаев Үмбетәліні автор ретінде таныр еді. Сондықтан Үмбетәлінің авторлығы қисынға келіңкіремейді. Ал Р.Байжарасов айтқан қолжазбаны жинаған Жүніс деген адамның дастан авторы болуы мүмкін. Дегенмен текстологиялық сараптамалық зерттеу жүргізілген соң ғана шығарма авторы нақты анықталуы мүмкін.

Ел ішінен 1926 жылдан бастап жазба материалдар мен сол оқиғаның тірі куәгерлерінің аузынан естелік әңгімелер жинала бастады. Жинаушылардың дені 30-жылдары репрессияға ұшырағандықтан, осы күнге дейін жинаулы қамбаның аузы толық ашыла қоймаған. «Бекболат»

поэмасының мәтіні әлі толық көлемде жарияланбағанын, авторы жөнінде мәліметтің көмескілігін айтсақ та жеткілікті. 1916 жыл оқиғасы туралы өлең-жырлар мен ауызша әңгімелер кезінде көп жиналса да, әлі күнге дейін аз зерттелгені өкінішті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Кенжебаев Б., Шаменов К. 1916 жылғы көтеріліс жырлары. – Алматы, 1958. – 140 б.

2 Жармұхамедов М. Бекболат батыр бастаған көтеріліс туралы кейбір тарихи деректер және «Бекболат» поэмасының көркемдік-тіл ерекшеліктері // ӘӨИ: 577, 1-дәптер, 23-41-бет.

3 1916 жыл. 1916 жылғы көтеріліс туралы өлең, поэма және әңгімелер жинағы / Ред басқарғандар С.Дүйсембаев, Е.Смайылов, Ә.Сәрсенбаев. – Алматы: Қаз бірік мемлбаспасы, 1940. – 316 б.; 1916 жыл. Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына. Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. Өңд., толықт. 2-бас. Арнаулы редакторы Ө.Жәнібеков. – Алматы: Рауан, 1996. – 208 б.

4 1916 жылғы өлеңдер жинағының қолжазбасы // ОҒК: 1019-бума.

5 Серікқалиев З. Жонда жарылған жанартау // 1916 жыл. Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына. Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. Өңд., толықт 2-бас. – Алматы: Рауан, 1996. – 3-10 б.

6 Жабаяев Ж. Толық шығармалар жинағы. 4 томдық. Т. 1. 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары / Құрастырған, түсініктемелерін жазған Р.Әбдіғұлов. – Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, Ұлағат баспасы, 2012. – 304 б.

7 Әзірбаев К. Шығармалар / Құрастырған Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1967. – 408 б.

8 Керімбеков С. Өлеңдері, поэмалары және айтысы / Құрастырған Қ.Әбдіқадыров. – Алматы, 1956. – 124 б.; Керімбеков С. Бес мылтық: Поэмалар жинағы. – Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1940. – 87 б.; Бес мылтық: Поэма / Айтушы Саяділ Керімбеков. 1940 жыл // ОҒК: 725-бума, 1-дәптер, 27 бет, араб әрпінде.

9 Сариев Ә. Алатау майданы // ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қоры, 1011-бума, 15-дәптер.

10 «Бекболат» поэмасы // ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қоры, 1011-бума, 10-дәптер.

11 Сауранбайұлы Қ. Он алтыншы жыл // Қарқара толғауы: Тарихи өлеңдер, толғаулар, дастандар / Құраст.: Токтар Әлбеков, Нұржұма Елесбай. – Алматы: Ан Арыс, 2016. – 119-152 б.

12 Әбдіғұлов Р. «Ол күнгі Алматы», «Октябрь үшін» шығармаларында

Жетісу ұлт-азаттық күресінің суреттелуі // М.Әуезов шығармаларындағы тәуелсіздік идеясы. – Алматы: Signet Print, 2011. – 271-285 б.

13 Нұрпейіс К. Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс: себептері, қорғаушы күштері, аймақтық ерекшеліктері, тарихи маңызы // Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс: тарихи оқиғаға жаңа көзқарас: Көтерілістің 90 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының мақалалар жинағы. – Алматы, 2006. – 14-21 б.

14 Ысмайылов Е. 1916 жылғы көтеріліс туралы халық поэзиясы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. 1-том. 1-кітап. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1960. – 621-670 б.

15 Жармұхамедұлы М. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 6-том. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 515-556 б.

16 1916 жылғы қазақ, қырғыз жайынан мағлұмат. Әр түрлі жыр, толғау, өлең / Жазып берген Жүніс Сүлейменов. Жинаушы Ә.Диваев. 1921 жыл. 32 бет, араб әрпінде // ОҒК: 1017-бума.

17 Лушникова Н. «Бекболат» поэмасының авторы // Жас алаш. – 2001. – 26 маусым.

18 Асқар Л. Қазақ жырының қара жорғасы // Қазақ үні. – 2014. – 8 қазан.

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

<i>Қалижанов У.Қ.</i> Зар-заманнан – заңғар заманға.....	3
<i>Әбжанов Х.М.</i> 1916 жылғы көтеріліс XX ғ. 20-30 жылдарғы тарихнамада.....	9
<i>Орда Г.Ж.</i> Ұлт-азаттық көтерілістің әдебиеттегі көркемдік сипаты.....	21
<i>Смағұлова С.Ә.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысын зерттеудегі қадамдар.....	35
<i>Пірәлі Г.Ж.</i> «М.Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі психологиялық портреттер.....	46
<i>Ксенжик Г.Н.</i> Семиреченское восстание 1916 г. в картографических источниках и документах.....	52
<i>Ақыш Н.Б.</i> Азаттықтың жыршысы.....	68

I Секция

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ, ТАРИХИ МАҢЫЗЫ, ҚҰЖАТТЫҚ ДЕРЕКНАМАСЫ

<i>Жүгенбаева Г.С.</i> 1916 жылғы көтеріліс: куәгерлер естеліктері тарихи дерек ретінде.....	73
<i>Нұрымбетова Г.</i> 1916 жыл Ораз Жандосов тағдырында.....	84
<i>Сайфулмаликова С.С.</i> Орталық Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс: тарихи-фактологиялық аспектілері.....	89
<i>Төленова З.М.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің аймақтық ерекшеліктері (Шу-Ыстықкөл ошағы мысалында).....	99
<i>Қоңыратбаев О.М.</i> 1916 жылғы Меркі көтерілісінің кейбір мәселелері.....	112
<i>Оразов Р.Е.</i> Ұзақ Саурықұлының Қарқара көтерілісіндегі орны мен рөлі.....	118
<i>Тайтелиев Ч.</i> 1916-жылдағы «Улуу үркүн» жана анын «Эл ағартуу» журналының беттерінде чағылдырылышы.....	129
<i>Исахметұлы Ж., Даутбаев М.А., Әулиеата уезіндегі 1916 жылғы көтеріліс.....</i>	136
<i>Бейшеева Н.Д.</i> 1916-жылдардағы қырғыздардың жашоо шарты.....	145

II Секция

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ

<i>Әлбеков Т.К.</i> Халық ақындары шығармашылығының тарихилығы.....	152
<i>Қунаев Д.А.</i> «Повесть М.О.Ауэзова «Лихая година» в контексте солидарности народов Центральной Азии.....	163
<i>Искендерова Ш.А.</i> 1916-жылдағы улуу көтөрүлүш кыргыз ақындар поэзиясында.....	167
<i>Тоқушева Т.С.</i> 20-30-жылдардағы кыргыз адабиятында Үркүн темасынын көркөм чагылышы.....	172
<i>Жақан Д.</i> Есмағамбет Ысмайылов тарихи жыр, тарихи өлең жайында.....	179
<i>Рақыш Ж.</i> Халық ақындары шығармаларындағы Бекболат бейнесі.....	183
<i>Салтақова Ж.Т.</i> М.Жылқайдарұлының «Қарқара» дастанындағы тарихи шындық.....	195
<i>Оралбек А.</i> 1916 жылы тыл жұмыстарынан жазылған хат-өлеңдер.....	199
<i>Елесбай Н.</i> Ауызекі әңгімелер мен естеліктердегі 1916 жылғы оқиғалардың көріністері.....	203
<i>Мүрсәлімова Н.М.</i> 1916 жыл оқиғасына қатысты мұң-шер өлеңдер.....	208

III Секция

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДЕГІ ОРНЫ

<i>Ергалиева Р.А.</i> Народный герой Амангельды Иманов в искусстве народного художника Абылхана Кастеева.....	212
<i>Турдугулов А.Т.</i> 1916-жылдағы улуттук трагедиянын искусство чыгармаларында трансформацияланышы.....	220
<i>Мұсағұлова Г.Ж.</i> 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің қазақ музыкасында бейнеленуі.....	237
<i>Шарипова Д.С.</i> Отражение темы национально-освободительного восстания 1916 года в изобразительном искусстве Казахстана 1930-1970-х годов.....	242